



Автор: Имандосова Самал Амангосовна

Пән: Өзін-өзі тану

Сынып: 3- сынып

Бөлім: Әсемдік әлеміндегі!

Тақырып: Өзінмен үйлесімдікте

Мақсаты:	Оқушыларға өзімен, айнала қоршаған ортамен үйлесімді өмір сұрудің мәнін түсіндіре отырып, ішкі тыныштық құндылығының мәнін ашу.
Міндеттері	- Оқушыларға адамның ойы, сөзі, ісінің жақсылыққа бағытталуының үйлесімділікті өмір сұру негізі екенін үғындыру. - Оқушыларды өзіне және өзгелерге жақсылық жасауға баули отырып, үйлесімділікте өмір сұруға үйрету - Оқушыларды сабырлылыққа, қарапайымдылыққа, ризашылыққа тәрбиелу.

Сабак барысы

Сабак кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
1. Ұйымдастыру кезеңі:	Сұрақтар: 1. Мәтіндегі «сезіміңе ерік бере берме» деген ойдан нені аңғардыңыздар? 2. Бауыржан Момышұлы нені тәртіптілік, адамгершілік, жақсылыққа жатқызады? 3. Бауыржан Момышұлы жаман мінез-құлыштың көрініс беруінің түп себебін қайdan іздейді? 4. Сезімді қалай басқаруға болады деп ойлайсыңдар? 5. Ақыл мен сезімді қатар үстәу арқылы қалай үйлесімділікке жетуге болады? 6. Үйлесімділікті өмір сүретін адам, қандай жетістіктерге жете алады?	(материалдардереккөздер) 1. http://oilar.kz
2. Үйге тапсырманы тексеру.	№7-сабак, 31-бет, Ақыл мен сезім оқып келу.	(материалдардереккөздер) 1. http://oilar.kz
3. Сабактың дәйексөзі.	Жүргегінің түбіне терең бойла Абай 2-рет қыздар, 2-рет ұлдар, барлығы қосылып 1-рет қайталап айтады. Дәптерлеріне жазып алады. • Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?	(материалдардереккөздер) 1. http://oilar.kz

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
4.Әңгімелуу «Өмір сүрудің ең жақсы жолы»	<p>Шағын ғана бір ауылда орта жастағы бір кісі дүкен ашып сауда жасамақ болады. Сөйтіп алға қойған жоспарын бастап та жібереді. Ол аққөңіл, жайдарлы болғандықтан, ауылдың адамдарының бәрі оны жақсы көретін. Бір күні ауыр науқастанып, бұл дүниеден өтерін сезген адам, артында қалған үш ұлын қасына шақырып: -Үшеуіңнің біреуі барлық дүкендерімнің иесі болады. Мирасымды соған қалдырамын. Менің дүние-мұлкіме қайсысың лайықты екенін білу үшін үшеуіңде де бір-бір доллардан беремін. Осы долларға бір нәрселер алышадар. Кешкісін келгенде алған нәрселерің менің осы бөлмемді толығымен толтыруы керек. Шартым осы. Ұлдары үлкен компанияны басқару мүмкіндігінен айрылып қалмауды ойлад, не істерлерін білмей қатты абыржыды. Қалаға барып үшеуіде долларларын жаратты. Кешкісін әкелерінің қасына келгенде үлкен баласы: -Досымның шаруашылығына барып, екі қап сабан сатып алдым,-деді де, қаптарды ашып, сабанды әр тарапқа шаша бастады. Алайда көп ұзамай сабандар еденге түсіп, бөлмені толтыра алмады. Ал екінші баласы: -Дүкенге барып екі жастық алдым,-деді де жастықтарды сөгіп, ішіндегі жұнін бөлменің ішіне шашып тастанды. Бірақ жұн де жерге түсіп, бөлмені толтыра алмады. Ал үшінші ұлы: -Долларды ұсақтап, 50 центін мешітке бердім, 20 центін қайырымдылық қорға бердім, 20 центін садақа ретінде тараттым. Қалған 10 центке екі нәрсе алдым, қалтасынан сірікеле мен шырақты алды. Бөлменің жарығын сөндіріп, шырақты жақты. Сабан мен жұнғе толмаған бөлме аз уақыттың ішінде шырақтың нұрына бөленді. Әкесі баласына риза болып: -Мирасымды саған қалдырамын, ейткені өмір сүрудің ең жақсы жолы-айналана жарық тарату екенін білдің. • Шағын ауылдағы кісінің тұрмысы? • Әкесінің ұлдарына айтқан өсietі қандай? • Қай баласының ісі әке көnlіnen шықты? ◻ Ишкі жан дүниемізде тыныштық орнау үшін әрекетіміз қандай болу керек? ◻ Исті сабырлылықпен атқарсан қандай нәтиже береді? ◻ Ишкі жан дүниемізге қаншалықты көніл бөлесін?</p>	(материалдардереккөздер) 1. http://oilar.kz
4. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс	З - топқа әртүрлі суреттері бар қағаздармен бөлінеді. Мәтінді оқып, ойда сөзді , істі үйлесімге келтіріп, жақсылықта бағыттаудың жолын жасап, алдымыздағы қағазға түсіреміз.	(материалдардереккөздер) 1. http://oilar.kz
6. Топпен ән айту. Ізгілік әлемінде Сөзін,әнін жазған: К.У.Каирова	Рухы таза көнілім, Махаббаттан жаралған... Жарқын,бейбіт өмірім, Ізгіліктен нәр алған. Бауырмалдық сезімім, Қамқорлықтан нәр алған. Сәби бала сәттерім, Мейірімнен жаралған.2 рет. Өшпес нұрдың сәулесі, Жойылмасын бойымнан. Тануменен өзімді, Мақсаттарым қойылған. Мейірімді жүргім Арманыма жетсе екен Тұған жердін алдында Парызымды өтсе екен. 2 рет Рухы таза көнілім, Махаббаттан жаралған... Жарқын,бейбіт өмірім, Ізгіліктен нәр алған Бауырмалдық сезімім, Қамқорлықтан нәр алған. Сәби бала сәттерім, Мейірімнен жаралған.2 рет.	(материалдардереккөздер) 1. http://oilar.kz
7. Үй тапсырмасы.	№8-сабак, 34-бет, «Күз басындағы аңшының зары	
8. Сабактың қорытынды сәті.	Бүгінгі сабактан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүргегімізге сақтайық.	